



Қ. Ержан¹ , А. Әбубәкірова² 

¹PhD, Қауымдастырылған профессор, Nur-Mubarak University,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

²PhD докторанты, Nur-Mubarak University,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abubakirova_95@mail.ru

ДИНАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ӘЛЕМДІК ҮЛГІЛЕРІНЕ ДИСКУРСИВТІ ТАЛДАУ

Мақалада әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің діни жағдайды реттеуде қолданатын негізгі құралдары мен механизмдеріне дискурсивті талдау жасалады. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты озық тәжірибеге ие мемлекеттердің жүйесін сипаттай отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік тудырған артықшылықтары мен мемлекеттегі діндер мен конфессиялар арасындағы салауатты қарым-қатынас орнатуға тосқауыл болған кемшіліктерін айқындап, оны өзіміздің тәжірибемізде қолданысқа ендіре алу мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Ғылыми зерттеу нәтижесі ретінде ұсынылып отырған мақала ғылыми тұрғыда шетелдік дереккөздерден алынған нақты әрі сенімді мәліметтерді жеткізуімен, тәжірибелік тұрғыда ол мәліметтерді қолданысқа ендіре алудың шынайы мүмкіндігімен, осы тақырыпта зерттеу жүргізуші ізденушілерге қосымша құрал бола алуымен маңызды. Зерттеу жүргізу барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер, соның ішінде салыстырмалы әдіс, тарихи-хронологиялық, сараптау, талдау, сипаттау, құрылымдық-функционалдық секілді әдістер қолданылды. Зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде батыстық елдердегі діни жағдайды реттеу тетіктерінің толыққанды талдамасы берілді.

Түйін сөздер: Конституция, мемлекет және шіркеу, діни сенім бостандығы.

K.Yerzhan¹, A. Abubakirova²

¹PhD, Associate Professor, Nur-Mubarak University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

²PhD doctoral student, Nur-Mubarak University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: abubakirova_95@mail.ru

Discursive analysis of world examples of regulation of interreligious and interconfessional relations

In the article, the main tools and mechanisms used by advanced countries of the world in the regulation of the religious situation are analysed discursively. The main goal of the study is to describe the system of states with advanced experience, considering the advantages, which created a possibility for getting good results and disadvantages that have become an obstacle in establishing healthy relations between religions and confessions in the state, to consider the possibility of their implementation. This article, as a result of the study, is of scientific importance, through the provision of accurate and reliable data from foreign sources, and of practical importance, as the possibility of applying this data in practice, and may become additional material for researchers on this theme. During the study are used general scientific and individual scientific methods, including comparative, historical and chronological, analytical, descriptive and structural-functional methods. As a result of the study, a comprehensive analysis of the mechanisms regulating the religious situation in Western countries was proposed.

Key words: Constitution, state and church, freedom of religion.

Қ. Ержан¹, А. Әбубәкірова²

¹ PhD, Ассоц.проф., Университет Нур-Мубарак,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com

² PhD докторант, Университет Нур-Мубарак,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: abubakirova_95@mail.ru

Дискурсивный анализ мировых примеров урегулирования межрелигиозных и межконфессиональных отношений

В статье дискурсивно анализируются основные инструменты и механизмы, используемые передовыми странами мира в регулировании религиозной ситуации. Основная цель исследования – описывая систему государств с передовым опытом, рассматривая преимущества, создавшие возможность для достижения хороших результатов, и недостатки, которые стали преградой в установлении здоровых отношений между религиями и конфессиями в государстве, рассмотреть возможность их внедрения. Эта статья, как результат исследования, имеет научную значимость посредством предоставления точных и достоверных данных из зарубежных источников, и практическую значимость, как возможность применения этих данных на практике, и может стать дополнительным материалом для исследователей, проводящих исследование по этой теме. Автором использовались общенаучные и индивидуальные научные методы, в том числе сравнительный, историко-хронологический, аналитический анализы, описательный и структурно-функциональные методы. В качестве результата исследования был предложен комплексный анализ механизмов регулирования религиозной ситуации в западных странах.

Ключевые слова: Конституция, государство и церковь, свобода вероисповедания.

Кіріспе

Батыс Еуропа елдерінде мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың негізгі үш үлгісі бар: айқындаушы (Ұлыбритания), серіктестік (Австрия, Бельгия, Германия, Португалия, Испания, Италия), бөлектеу (Франция, Нидерланд) (Мирошникова, 2005: 6). Мемлекет зайырлылығы және қоғам демократизациясы – Батыс Еуропа елдеріне тән ортақ ерекшелік және бұл жоғарыда аталған үлгілердің қайсысын ұстанатынына байланысыз жүзеге асып отыр. Кейбір мемлекеттерде нақты бір дін мемлекеттік дәрежеге ие болса, кейбірінде мемлекеттік шіркеу дәрежесі бекітілмеген.

Қазіргі кезеңдегі Батыс Еуропа елдерінде мемлекет пен шіркеу арасындағы қарым-қатынас демократизация мен секуляризация жағдайында орнықтырылып, Еуропалық Одақ құрылған кезеңнен бастап адам құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіретін жаңа концепциялар негізінде жалғасын табуда. Ар-ұждан бостандығы мен діни бостандыққа деген құқықтар еуропалық елдердің Конституцияларында жазылған, ал Англия, Бельгия, Австрия секілді мемлекеттерде ар-ұждан бостандығына және діни бірлестіктер әрекеттеріне байланысты мәселелерді реттеу үшін арнайы мемлекеттік органдар құрылып, арнайы заңдар қабылданған. Батыс Еуропа елдеріндегі дінаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың рет-

телу үлгілерін нақты мемлекеттер мысалында қарастырсақ.

Әдіснама

Ғылыми зерттеу нәтижесі ретінде ұсынылып отырған мақала ғылыми тұрғыда шетелдік дереккөздерден алынған нақты мәліметтерді жеткізуімен, тәжірибелік тұрғыда ол мәліметтерді қолданысқа ендіре алудың шынайы мүмкіндігімен, осы тақырыпта зерттеу жүргізушілерге қосымша құрал бола алуымен маңызды. Зерттеу барысында жалпы және жеке ғылыми әдістер, соның ішінде салыстырмалы, тарихи-хронологиялық, талдау, сипаттау және құрылымдық-функционалдық секілді әдістер қолданылды.

Батыс Еуропа елдеріндегі дінаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар

Австрия 1918 жылы өзін Республика деп жариялады. Қазіргі кезеңдегі мемлекет федеративті басқару формасына ие демократиялық республика болып табылады. Елде 1920 жылғы Конституция қызмет етуде (Окуньков, 2001: 25). Бұл Конституция бойынша діни тиістілікке байланысыз адамдар тең деп жарияланып, Рим-католик шіркеуі негізгі дін ретінде бекітілген. Елдегі діни ұйымдар дәрежесі 1874 жылғы шіркеулерді мойындау жайлы Заң негізінде және 1998 жылғы діни конфессионалды бірлестіктер дәрежесі жайлы Заң негізінде ретте-

леді. Австрия халқының көп бөлігі католиктер болғанымен, соңғы жылдары бұл шіркеу ерушілерінің саны азайып жатыр. Ватикан мәліметі бойынша, 2005 жылы Австриядағы католик шіркеуі мүшелері халықтың 68 пайызын құраса, тұрақты түрде шіркеуге тек 9 пайызы ғана келетін болған (Торкунов, 2012: 16). Католиктерден өзге елде лютерандар, православтар, кальвинистер, яһудилер, мұсылмандар өмір сүруде. Ал соңғы жылдары буддизм ерушілерінің және неоиндуистік жаңа діни қозғалыс өкілдерінің (Брахма Кумарис, Кришна санасы халықаралық қауымдастығы, Трансцендентальды медицина, т.б.) саны артуда (Торкунов, 2012: 18). Діни ұйымдардың негізгі үш түрі бар: ресми мойындалған діни қауымдастықтар; діни конфессионалды қауымдастықтар; ассоциациялар. 1874 жылғы Заңға сәйкес мойындалатын қауымдастықтар: Рим-католик шіркеуі, Лютеран шіркеуі, ислам үмбеті, яһуди діні, ортодоксальды, шығыстық ортодоксальды және методистік шіркеу, буддизм, мормондар, Иегова куәгерлері. Бұл қауымдастықтар салықтан босатылып, мемлекеттік мектептерде уағыз-насихат жұмыстарын жүргізе алады және мемлекет тарапынан қаржыландыруға ие бола алады. Жаңа діни қозғалыстар елде мойындалған діни қауымдастық дәрежесіне ие болу үшін, 1998 жылғы заңға сәйкес, кем дегенде 20 жыл тіршілік етіп, өз соңынан халықтың 0,2 пайызын ерте алу керек. Австрияда деструктивті культтер әрекеті 1998 жылы діни азшылыққа қатысты Батыс Еуропа аймағындағы ең қатал болып табылатын заңның қабылдануына алып келді. Заң бойынша «екінші деңгейлі дәреже», яғни конфессионалды қауымдастық ретінде мойындау 10 жылдан 20 жылға дейінгі сынақ мерзімімен 300-ден астам мүшесі бар болып табылатын жаңа діни қозғалыстарға беріледі (Робберс, 2009: 6). Сонымен қатар бұл топтардың ұстанымдары, доктриналары мен догматтары қоғамға сәйкестілік деңгейінің анықталуы мақсатымен Білім Министрлігі тарапынан тексерістен өткізіледі. Қазіргі кезеңде Австрияда он конфессионалды қауымдастық мойындалады: Баһаи бірлестігі, Баптистер, Евангелиялық одақ, Діни жаңару қозғалысы, Христиандар қауымдастығы, Еркін христиандар қауымдастығы, Құдайдың елуінші қауымдастығы, Жетінші күн адвентистері, Үнді діни қауымдастығы, меннониттер. Діни қауымдастық ретінде де, конфессионалды қауымдастық ретінде де мойындалмаған діни топтар елдегі қызметін жалғастыра алу үшін ассоциация ретінде мойындалуға өтініш бере алады.

Австрия Республикасы мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы байланысты зайырлылық үлгісіне сай дамытып отыр. Мемлекет конфессияаралық қарым-қатынасты реттеуде үлкен тәжірибеге ие болғандықтан және ислам мемлекеттерінен, ТМД мемлекеттерінен қоныс аударуға ниет білдірген азаматтар ағынына шектеу қойғандықтан ел ішінде діни негізде орын алатын қақтығыстар жоқ деуге болады.

Бельгия патшалығында 1831 жылы 7 ақпанда қабылданған Конституция әлі өз күшінде. Осы құжаттың 2 тарауында ел азаматтарының діни сенім бостандығына ие екендігі жазылған. Бельгияда мойындалған және мойындалмаған діни бірлестіктер қызмет етуде. Мойындалған діни бірлестіктер қатарына келесілер кіреді.

- Протестантизм – Бельгияның біріккен протестанттық шіркеуі, Бельгиялық миссионерлік христиан шіркеуі, методистер, Жетінші күн адвентистері;

- Рим-католик шіркеуі – елдің тарихының, мәдениетінің қалыптасуына әсер еткен дәстүрлі дін;

- Англикан шіркеуі (1870 жылы 4 наурызда қабылданған заң негізінде);

- Православтықтар – Мәскеу патриархаты, Константинополь патриархаты, Сербия және Румынияның православиелік шіркеулері;

- Мұсылмандық бірлестіктер (1974 жылы 19 шілдеде қабылданған заң негізінде);

- Еврейлік бірлестіктер.

Мойындалмаған діни бірлестіктер еркін дінге шақыру қызметімен айналыса алады, бірақ мемлекет тарапынан қолдау көрмейді (индуистер, буддистер, т.б.).

2010 жылы үкімет мойындалған діни бірлестіктерге 105,8 миллион еуро бөліп, оның 17,4 миллионы конфессионалды емес ұйымдарға, 4,9 миллионы исламдық діни топтарға берілді. Жергілікті билік және орталық үкімет діни білім беруді және діни ғимараттардың салынуы мен сақталуын қаржыландырып отырады. Бельгияда дін қызметкерлері еңбекақымен және зейнетақымен қамтамасыз етілген. Мысалы, 2008 жылы дін қызметкерлеріне жұмсалған қаржының жалпы көлемі 320,6 миллион еуроны құрап, оның 85 пайызы католиктік шіркеуге бағытталды.

Германия Федеративті Республикасында халықаралық нормаларға негізделген демократиялық ұстанымдар заңмен бекітілген. Олардың қатарына ар-ұждан бостандығы мен діни сенім бостандығына деген құқық, діни сенімге байланыссыз заң алдында теңдік, заң шеңберінде діни

бірлестіктер құру құқығы жатады. 1949 жылы қабылданған негізгі заң «Құдай алдындағы және адамзат алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып» деген сөздермен басталады. Осы заңның 3 бабы діни негізде бөлектеуге тыйым салады, ал 4 бабы діни бостандыққа кепілдік береді. Германия – діни және саяси өмірдің арасын нақты бөліп қарастыратын зайырлы мемлекет (Маклаков, 2010: 168-243). Діни тиістілікке байланысты бөлектеуге заң негізінде тыйым салынған. Діни бірлестіктер әлеуметтік салада мемлекетпен біріге отырып жұмыс атқаруда. Діни қауымдастықтар «қоғамдық заң қарамағындағы корпорациялар» дәрежесіне ие болып, өз ерушілерінен шіркеу салығын ала алады (Steven, 1997: 121). Германияда діни бірлестік ретінде мормондар, жетінші күн адвентистері, методистер мен баптистер тіркелген. Діни топтар ретінде Иегова куәгерлері, мунитер, саентологтар жұмыс істейді. Ал халықтың төрттен бірі өздерін атеистер ретінде сипаттайды.

2005 жылғы мәліметтерге сай елдегі католиктер саны 26,9 миллионды құрады. Германияның солтүстік аймақтарында Германияның Жаңа Евангельдік шіркеуіне тиісті лютерандар тұрады. Елдегі протестанттардың орташа саны 27 миллионды құрайды. Соңғы жылдары протестанттық шіркеу ерушілерінің саны азайып, католиктер саны өсуде (Торкунов, 2012: 161). Германиядағы мұсылмандар қауымы 5 миллион адамға жетіп, халықтың 4 пайызын құрады. Ал мұсылмандардың 90 пайызын түріктер құрайды (Торкунов, 2012: 161). Елге мұсылмандардың көптеп қоныс аударуы жергілікті халықтың алаңдаушылығын тудырып отыр. Бундестаг өкілдерінің 7 пайызын мұсылман түріктер құрайды. Олар елдегі мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың реттелуіне өзінше ықпал ете алады. Ел аумағында қазіргі кезеңде 2,5 мыңға жуық мешіт қызмет етуде. Қоғамды исламнан хабардар ету мақсатында Берлин, Гамбург, Франкфурт, Галлада «Еуропадағы мұсылмандар» деген жалпы атаумен мемлекет тапсырысы бойынша кең көлемдегі зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Елдегі саны аз буддистер мен еврейлер қоғамдық жағдайға айтарлықтай әсер етпегенімен, Неміс буддистерінің бірлестігі қызмет етіп, синагогтар мен еврей мәдениет орталықтары ашылған.

Батыс Еуропа мемлекеттерінің зайырлылық ұстанымы Франция жағдайында айқын көрінеді. Франция – азаматтарының діни сенімге деген бостандығын жариялаған (1789 жылы) және

шіркеудің мемлекеттен бөлінуін жариялаған (1905 жылы) зайырлы мемлекет. Бұл дәрежесін елде ресми түрде мойындалған діндер жоқ екендігімен, ешбір діни бірлестіктің артық құқықтарға ие емес екендігімен дәлелдей түседі. Францияда діни ұйымдар тіркеуден өту керек. Тіркелудің екі түрлі жолы бар: құлшылық ету ассоциациялары ретінде (салық төлеуден босатылады) немесе мәдени ассоциациялар ретінде (салықтан босатылмайды). Құлшылық ассоциациялары литургиялық қызметтер ретінде сипатталатын діни әрекеттерді ғана ұйымдастыра алады. Ал мәдени ассоциациялар пайда табуға бағытталған іс-әрекеттер жүргізе алады. Олар салықтан босатылмағандықтан мемлекет тарапынан субсидия иеленуге өтініш білдіре алады. Франциядағы діни бірлестіктердің көпшілігі осы екі жолмен де тіркелуді жөн көреді. Мысалы, мормондар құлшылық ассоциациялары арқылы тек діни әрекеттерге жол берсе, мәдени ассоциациялары арқылы өздерінің мектептерін басқарады. 1905 жылғы заң негізінде діни топ мәдени ассоциация ретінде тіркелу үшін жергілікті билік өкілдеріне өтініш білдіру керек. 1959 жылы қабылданған Заң бойынша жекеменшік діни білім беру мойындалып, діни мектептер мемлекетпен келісімшартқа отыру құқығына ие болды. Жаңа діни қозғалыстардың пайда болуымен шешілуі күттірмейтін мәселелер пайда болды. Мысалы, Францияда 1936 жылғы Заңға үкіметке қарсы бірлестіктерді үкімет қаулысымен тарату және іс-әрекеттеріне тыйым салуды қарастыратын түзетулер енгізілді. Францияда қоғамдық тәртіпке, адам тұлғасына қауіп төндіруі мүмкін, екі рет қылмыстық іске қатыстылықпен айыпталған діни бірлестіктер үкімет тарапынан таратылып, дәрежесінен айырылады. 2001 жылы мамыр айында секталарға қатысты Заң қабылданған. Дегенмен, бұл заңға католик шіркеуі қарсы шығып, дұрыс емес қолданылған жағдайда адамдардың діни бостандығын шектеуге алып келетін құрал болуы мүмкін екендігін айтты. Ал 2004 жылы қыркүйекте мемлекеттік мектептерге қандай да бір дінге тиістілігін көрсететін діни символдарды өзімен бірге алып келуге, киюге, тыйым салатын Заң қабылданды. Іс жүзінде бұл заңның ықпалына мұсылман қыз балалардың орамалдары, сикхизм ерушілерінің бас киімдері, яһудилердің бас киімі және үлкен христиандық айшықтар ұшырады. Заң еуропалық азаматтардың діни бостандыққа деген құқығына нұқсан келтіреді деген айыптауларға қарамастан, сот шешімі француз мемлекеттілігінің жағында

болды. Франция билігі бұл әрекетін қоғамдық бірзиділікті қалыптастыру және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі батыл қадамдары ретінде түсіндірді.

Еуропа елдерінде ұйымды діни деп мойындау критерийлері қабылданбаған. Сол себепті әр елде бірдей діни бірлестіктер түрлі дәрежеге ие. Мәселен, Иегова куәгерлері мен саентологтар Италияда діни ұйымдар қатарына жатса, Францияда оларды дінге қатысты қарастырмайды. Еуропалық мемлекеттердің діни бірлестіктермен қарым-қатынасы олардың барлығының Конституциясында жазылған азаматтарын деструктивті діни бірлестіктер әсерінен қорғау жайлы постулатына қарай реттеледі. Италия Конституциясының 3 бабы жынысына, нәсіліне, дініне, саяси көзқарастарына, әлеуметтік жағдайларына қарамастан әрбір азаматтың тең екендігін жариялайды. Ал 8 бабы барлық діни деноминациялардың заң алдында тең екендігін, католицизмнен өзге деноминациялар Италия заңдарының шеңберінен шықпайтын деңгейде әрекет ете алатындығын, ал мемлекетпен арадағы байланыс өзара келісімдер мен мемлекет заңдарына қарай реттелетіндігін нақтылайды. 1947 жылғы Конституция қабылданбай тұрып, Рим-католик шіркеуімен арадағы қарым-қатынас 1929 жылғы Латерандық пактке сай реттелетін. Оның алғашқы бабында Италия Рим-католик шіркеуін жалғыз мемлекеттік дін ретінде мойындайтындығы жазылған. Ал 1984 жылғы конкордат (келісім) жоғарыда келтірілген бірінші баптың күшін жойды. Дегенмен, мемлекет шіркеуге қолдау көрсетуін тоқтатқан жоқ. Бұл конкордат католик шіркеуінен өзге діндерге қолдау алу мүмкіндігін ұсынды. Калифорния университетінің профессоры, Сильвио Феррари Италия заңы діни бірлестіктерді үш деңгейге бөлетіндігін айтады. Рим-католик шіркеуі азаматтық қоғамдағы маңыздылығына сай және 1984 жылғы конкордат негізінде маңызды дәрежеге ие. Мемлекетпен келісім жасасқан топтар орта деңгейде орналасады. Ал мемлекет тарапынан мойындалмаған, ассоциацияларға қатысты жалпы ережелер арқылы басқарылатын, сол себепті ешқандай мемлекеттік көмек алуға өтініш бере алмайтын діни бірлестіктер ең төменгі деңгейде орналасқан (Робберс, 2009: 213).

Австрия, Испания, Германияда жаңа діни қозғалыстарға деген қарсы көзқарастар қалыптасқан. Мысалы, Германияда қоғамның бір бөлігі жаңа діни қозғалыстар әрекетіне тыйым салып, олардың қаржылық жағдайын тексеру керектігін айтса, келесі бір бөлігі тыйым салу

ойынан бас тарту керектігін, «миды тазалау» қылмыстық іс ретінде қарастырылмайтындығын, олай болмаған жағдайда, өзге де бірлестіктер, БАҚ, мектеп бағдарламаларын да дәл осылай айыптауға болатындығын айтады. Олар жеке-ленген жағдайларды қарапайым қылмыстық кодекс негізінде ғана қарастыру керектігін жөн санайды. Ал Нидерландта діни сала мәселелері жеке құқық нормаларымен реттеледі де, діни бірлестіктер азаматтық құқыққа ие заңды тұлғалар ретінде қарастырылады. Испанияда Конституцияның 16 бабымен елде ешқандай ресми дін болмау керектігі бекітілген. Елдегі билік халықтың діни сенімдерін құрметтей отырып, католик шіркеуімен және өзге діни деноминациялармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға тиісті екендігі Конституциямен бекітілген. 1980 жылғы Діни бостандыққа қатысты жалпы актінің 1 бабына сәйкес діни бостандыққа кепілдік беріліп, барлық діни бірлестіктерге Заң шеңберінде бірдей қарым-қатынас жасалады. Ал 2 бабында діни құлшылық атқаруда еркіндік беріліп, құлшылық орындарын салуға, өз дінін таратуға шектеу қойылмайтындығы жайлы жазылған. 3 бап бойынша, мемлекеттік мектептерде діни сабақтар өткізуді, қоғамдық орындарда діни қызмет атқаруды жергілікті билік тарапынан барынша дұрыс ұйымдастыру талап етіледі. Бірақ 3 баптың 2 тармағына сай психикалық немесе парapsихологиялық ілімдерді оқытумен және оларды іске асырумен айналысатын, адамның рухани денсаулығына зиян тигізуі мүмкін діни бірлестіктер осы заң кепілдендірген құқықтарға ие бола алмайды. Дей тұрғанымен, Испанияда осы тармақ негізінде барлық жаңа діни қозғалыстар шеттетіледі дей алмаймыз.

Қаржыландыру мәселесіне келсек, Рим-католик шіркеуі мемлекет тарапынан да, ерікті түрде азаматтардың төлеген салығының 0,5 пайызын аударуы да арқылы қаржыландырылады. 2003 жылғы деректерге сай ерікті түрде аударылған қаржының көлемі 135 миллион еуроны құрады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржы 28 миллион еуро болды. Елдегі протестантизм, яһуди діні, ислам діні өкілдері үкіметпен келісімшарт жасасып, осындай ерікті түрде аударылатын қаржы бөлігіне ие болуға өтініш білдіруде.

Дінаралық, конфессияаралық қарым-қатынастардың мемлекет тарапынан реттелуі

Жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде Батыс Еуропа елдеріндегі дінаралық, конфес-

сияралық қарым-қатынастардың мемлекет тарапынан реттелуінің келесідей жолдарын топтастыра аламыз:

- Мемлекет заңдары «дәстүрлі» діни ағымдарға артықшылық бере отырып, олардың ерекше құқықтары мен дәрежесін заңды түрде бекітіп, жаңа діни қозғалыстардың белсенділігін тежейтін іс-шаралар кешенін ұсынады;

- Батыс Еуропа елдерінде жаңа діни қозғалыстарды зерттеу және олардың әрекеттерін реттеуге бағытталған бағдарламалар қабылдау арқылы орын алуы мүмкін қақтығыстарды болдырмауға әрекет жасалады;

- Батыс Еуропа мемлекеттері діни бірлестіктермен қарым-қатынасты реттеу мәселесінде үлкен тәжірибеге ие болғандықтан, бұл үрдіс мемлекет пен шіркеу арасын бөлу ұстанымына сай жүргізіледі.

Еуроодақ мемлекеттерінің барлығы Еуропалық Кеңестің мүшелері болып табылады. Бірақ Еуропалық Кеңес мүшелерінің барлығы Еуроодаққа кірмейді. 2000 жылы Еуропалық Одақ адам құқықтары мен бостандықтарын Жарғы негізінде бекітті (Кашкин, 2001: 82). Бұл құжатта адам құқықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенцияның біраз ұстанымдары қайталанатын. Сонымен қатар, діни сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығы енгізілді. Еуропалық елдердегі құқықтық жүйе зайырлылық үлгісіне сай дамып жатқанымен, бірқатар елдер өз өркениеттерінің христиандық құндылықтар негізінде құрылғандығын мойындайды.

Қазіргі кезеңдегі Еуропа иммигранттар мәселесіне алаңдатушылық танытуда. Көпшілігі мұсылмандар болып табылатын қоныс аударушылардың, босқындардың еуропалық қоғамға интеграциялану үдерісі өте ауыр өтуде. Ал жергілікті тұрғындар өздерінің христиандық құндылықтарының сақталып қалуына мүдделі екендіктерін көрсете бастауда.

Ғалымдар діни төзімділіктің нақты пайда болған уақытын белгілеп көрсету қиын екендігін айтады. Діни төзімділік кезеңі дін негізінде пайда болған соғыстармен алмасып отырды. Діни қақтығыстардың алдын алу үшін әлемдегі және жекеленген аймақтардағы қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, құқықтық заңдар арқылы діни бостандықтың жүзеге асырылуы, қоғамдағы толеранттылықтың қалыптасуы, діни тиістілік негізінде бөлектеудің тоқтатылуы секілді мәселелерді барынша тиімді жолдар арқылы шеше білу керек.

Дін мен заң көп жағдайда бірдей қызмет атқарады. Екі түрлі салада болғанына қарамастан,

екеуі де басқару, дәстүрлілік, жалпыға ортақтық, беделділік секілді қасиеттерге ие. Бұл қасиеттер адам санасында өз міндеттері мен құқықтары жайлы ойланудың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Заң тек ережелер қаңқасынан тұрмайды. Ол құқықтар мен міндеттерді орнықтырудың, қақтығыстарды шешудің, тиімді қарым-қатынас орнатудың негізгі қайнары болып табылатын тірі ағза секілді. Ал дін тек доктриналар мен жаттығулардың жиынтығы емес. Ол – өмір мәні мен мақсаттары жайлы жеке және жалпы қоғамдық деңгейдегі ойлардың шабыттандырушысы, трансцендентті құндылықтардың осы дін ерушілерінің барлығына ортақ жүйесін қалыптастырушы, жоғары күштердің барлығын сезіндіруші және оған сендіруші, адамдардың еркін таңдауы негізінде өмірі мен өлімнен кейінгі жағдайын тапсырып, қабылдауы арқылы жүрекке орнығушы. Сенім діннің негізі болса, амалдар сол сенімнің нәтижесі ретінде көрініс табады (Akimkhanov, 2016: 174). Этикалық жүйе ретінде дін де, заң да адамдардың өз айналасындағы ортаны қалай қабылдап, қалай қалыптастыратындығын басқарушы құрал болып табылады.

Дін бекітілген институционалды ережелерге еруден ғана тұрмайды. Дін – әлеуметтік шындықтың көрінісі. Дін қоғам мүшелерінің әрекеттеріне, ойларына сіңіп кеткен және олардың мәдениет, бостандық секілді ұғымдарды қалай түсінетіндігін айқындайды. Дін басқарушы жүйенің халықпен қарым-қатынасын да ретке келтіріп, дұрыс басқару жүзеге асу үшін басшы бойында болу керек қасиеттерді де жүйелейді (Anarbayev, 2016: 2071). Дін әлеуметтік феномен ретінде сипаттала отырып, жеке аймақпен шектеліп қалмай, кең қоғамдық мәнмәтінде қарастырылуы керек. Батыс Еуропа елдерінде діннің бұл қабілеті іс жүзінде қолданылып келеді. Оны біз дін өкілдерінің БАҚ арқылы өз ойларын жеткізуге мүмкіндік алуынан, мемлекеттік мектептерде дінтану сабақтарының өткізілуінен, қоғамдық мекемелерде дін қызметкерлерінің жұмыс атқаруынан, мемлекеттік маңызды іс-шараларға дін қызметкерлерінің қатысуынан, діни топтардың мемлекет тарапынан қаржылай көмекке ие болуынан, түрлі діндердің құлшылық орындарының салынуынан байқай аламыз.

Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың реттелуінде түрлі күрмеулі мәселелерді қалыптастыруы мүмкін ерекшеліктер қатарына келесілерді жатқыза аламыз:

- Жеке және топтық құлшылық жасау бостандығы;

- Шіркеу автономиясының нақты дәрежесі;
- Қоғамдық мекемелердегі дін қызметкерлерінің жұмысын мемлекет тарапынан қаржыландыру мәселесі;
- Мемлекет тарапынан немесе салық төлеушілер тарапынан қаржылық қолдау көрсету мәселесі;
- Мектеп жүйесінде, ақпарат құралдарында өз ұстанымдарын насихаттау мәселесі;
- Діндер үшін құнды болып табылатын мұраны (ескі ғимараттарды, көне жәдігерлерді, т.б.) қорғау мәселесі.

Жоғарыда талқыланған еуропалық мемлекеттер конституцияларында азаматтың діни бостандығына кепілдік берілгендігі жайлы айттық. Дегенмен, топтық діни бостандықтың жеке діни бостандықтан өзгешеленетінін ұмытпауымыз керек. Топтық діни бостандық тек топ мүшелерінің жеке діни бостандықтарының жиынтығы емес. Ол – топтың өзінің құқықтары мен қорғаны, артықшылықтары негізінде қалыптасатын жүйе. Осы мәнмәтіндегі топтық діни бостандық – ортақ діни сенімге ие, өз ішіндегі қарым-қатынасты діни және этикалық құндылықтар мен ұстанымдарға қарай орнықтыратын адамдар тобының бостандығы. Топтық діни бостандық толығымен мемлекет тарапынан мойындалуы үшін діни бірлестіктер заңды ассоциациялар ретінде тіркеуден өту керек. Сол арқылы олар заңды тұлға ие бола алатын барлық құқықтарды пайдалана алады. Бұл мүмкіншілік Батыс Еуропа елдерінде түрлі заңнама негізінде әртүрлі құқықтарды қамтамасыз етеді. Діни бостандықты негізгі және конституция арқылы кепілдендірілетін құқық ретінде мойындау арқылы діни сенім мен құлшылыққа қатысты жалпы заңдардың қолданылу аясы тарылады. Дегенмен, бұл жағдай заңнан босатылудың дін мүдделері көтерілген сәтте әрдайым қамтамасыз етілетіндігін білдірмейді. Жеке және топтық күштер арасында қоғамдағы құндылықтардың қаншалықты құрметтеліп, құқықтардың қаншалықты қорғалатындығын көрсететін екі тарап арасындағы қарым-қатынастың орнықтырылуында негізгі маңызды бағыттар айқындалып, кейбір діни ұстанымдарға қайшы келетін немесе жат болып көрінетін жағдайларға көңілді талап етіледі. Осы орта жол кей жағдайларда діни бірлестіктерге заң ықпалынан тыс қалуға мүмкіндік береді.

Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияның 9 бабында дінге берілген бостандық демократиялық мемлекеттердің ұстанымда-

рына сай қоғамдық қауіпсіздікті сақтау үшін, қоғамдық тәртіпті сақтау үшін, өзге азаматтардың денсаулығы мен құқықтарын қорғау мақсатында шектеуге ұшырауы мүмкін екендігі жазылады. Джозеф Вейлер өз еңбегінде осы мәнмәтіндегі Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияның рөлін сипаттаудың басқа бір жолы мемлекеттер нақты шекаралар аясында үкімет пен жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты реттеуде түрлі негізгі құндылықтарға басымдылық беруі мүмкін екендігімен түсіндірілетінін жазады (Joseph Weiler, 1999: 107).

Осы тепе-теңдікті қалыптастыру тек жеке мемлекеттер деңгейінде ғана емес, жалпы Еуропалық Одақ деңгейінде, яғни мемлекетаралық, ұлтаралық маңызды мәселе ретінде қарастырылуды талап етеді. Негізгі сұрақтар тек ұлттық деңгейде, мемлекет ішінде ғана туындамайды. Еуропалық Одақ әрбір мүше елдің ұстанымдары мен саясатына әсер етуші беделді қауымдастық болғандықтан, қоғамдық өмірдің осы маңызды саласында оның араласпай қалуы мүмкін емес жағдай. Осылайша 2001 жылы Ниццада өткен үкіметаралық конференцияда мемлекеттер басшылары Еуропалық Одақтың негізгі құқықтарының жарғысын ұсынды (McCrudden, 2001). Бұл құжат Еуропалық Одақтың атынан қабылданған, мемлекеттік, ұлттық деңгейде ежелден қалыптасқан маңызды мәселелерді одақ деңгейінде, өзге мемлекеттермен бірлесе отырып шешуге бағытталған, өзара тәжірибе алмасуға алғышарт болған маңызды бастама болды. Еуропалық Одаққа мүше болған елдер саны қаншалықты көп болса, олар арасындағы айырмашылықтар да соншалықты үлкен. Сол себепті еуропалық стандартты, еуропалық үлгіні табу (ортақ қасиеттердің ең төмен деңгейлі көрсеткіші ретінде қабылданбаса, әрине) болашақ ұрпақ пен жаңадан құрылатын институттардың мойнына артылған ең ауыр жүк болмақ.

Институционалдық кейіпте дін мен заң арасындағы қарым-қатынас шіркеу мен мемлекет арасындағы заңнамалық негізде орнықтырылатын қарым-қатынас арқылы сипатталады (Peter Edge, 2000: 192). Батыс Еуропа мемлекеттерінде және олардың конституцияларында бұл қарым-қатынас мемлекет пен шіркеу арасындағы қатаң бөлінушілік (Франция мысалында көрінеді), кооперативті байланыс (Испания, Германия, Бельгия, Австрия мемлекеттерінде қалыптасқан), орнықтырылған шіркеу жүйесі (Ұлыбританияда байқай ала-

мыз) кейпінде көрініс береді. Бұл жүйелер және олардың даму жолы, тарихы соңғы ғасырларда қалыптасқан мәдени, заңнамалық тарихи дәстүрлерден тамыр алады және Лютерандық Реформацияның, оған қарсы жүргізілген мемлекеттік іс-шаралардың әсеріне ұшырай отырып қалыптасты. Плюралистік немесе индивидуалистік қоғамдарда осы себеп саясаттың конституциялық болмысын айқындайды (van Bijsterveld, 2000). Францияның зайырлы мемлекет ретінде, ал Ұлыбританияда Англикан шіркеуінің ресми дін ретінде қалыптасуы мемлекет пен шіркеу қарым-қатынасы мемлекеттің конституциялық болмысын, қоғамның мәдениетін қалай айқындай алатындығының нақты мысалдары. Бұл ұлттық ерекшеліктер рухани-діни және заңды-саяси ұйымдар арасындағы саналы тепе-теңдіктің заманауи демократиялық заңдарға сәйкестендіре отырып, бірақ тарихтан алынған маңызды жүйелерді де кіріктіре отырып қалай құруға болатындығын көрсетеді.

Батыс Еуропалық конституциялар, әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктермен, шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынаста саналы тепе-теңдікті қалыптастыруға және дін мен заң арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталып қабылданған. Дін қызметкерлерін еңбекақымен және зейнетақымен қамтамасыз ететін Бельгияда, шіркеу салығын жинауға рұқсат беретін Германияда шіркеу мен мемлекет арасындағы қаржылық қарым-қатынас ұйымдық бостандықпен қатар жүреді. Италия мен Испанияда азшылық шіркеулеріне берілетін құқықтар көпшілік шіркеулеріне берілетін құқықтармен бірдей кепілдендіріледі. Ал бұл мемлекеттердегі католик шіркеуінің ерекше жағдайы қоғамдық шындық пен тарихи құндылықтар негізінде қалыптасқан. Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі шіркеу мен мемлекет қарым-қатынастары тарихи жағдайға негізделгенімен, олар талассыз заманауи болып табылады. Мысалы, 1970 жылдары Италия, Португалия, Испания мемлекеттерінде католик шіркеуінің артықшылықтарына қарамастан, өзге діни бірлестіктер онымен тең деп жарияланды.

Англияда Англикан шіркеуінің бекітілген дәрежесі болғанымен, өзге діндермен арадағы қарым-қатынас екінші дәрежелі заңнамалық құжаттар негізінде реттеледі де, олардың құқықтары да ел конституциясына сай қорғалады. Ал Франциядағы XX ғасыр басында ендірілген шіркеу мен мемлекет арасын бөлу туралы заң негізінде қазіргі кезеңде де шіркеу мен мемле-

кет түрлі салаларда қызмет етуші құрылымдар болып табылады. Бірақ Франция аумағы толығымен осы заң ықпалында емес.

Типологиялардың категоризациясы сараптау, салғастыру, салыстыру, жекеленген мемлекетке ғана тән ерекшеліктерді белгілеуде маңызды қызмет атқарады. Солай бола тұра, берілген типологияның сол елдегі жергілікті деңгейде шіркеу мен мемлекет қарым-қатынасының заңнамалық деңгейде реттелуінің толық сипаттама-сы бола алмайтындығын ұмытпағанымыз жөн. Біріншіден, шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға қатысты заңдардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар типологияларға байланыссыз орнауы мүмкін, яғни типологияға сай біз ұсынатын сипаттама шынайы жағдайдан өзгеше болуы мүмкін. Екіншіден, Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас діннің институционалдық қызметіне емес, әлеуметтік қызметіне негізделіп құрылады, оны біз қоғамдағы құндылықтар жайлы талқылаулардан және жалпы адамзатқа ортақ эвтаназия, жасанды түсік, биотехнология, адамдарды клондау секілді мәселелерге қатысты пікірталастардан көре аламыз. Дегенмен, діннің институционалдық рөлін де шет қалдыруға болмайды. Қоғамның қалыптасуындағы рөлінің маңыздылығына қарай әр діннің қоғам санасындағы орны да ерекше болмақ.

Қорытынды

Еуропалық Одақ шекарасының кеңеюі жаңа мәселелердің пайда болуына да жол ашты. 2003 жылы Брюссельде өткен үкіметаралық конференцияда нақты құжат қабылдаудың мүмкін болмауы «дін» тақырыбының қаншалықты күрделі мәселе екендігін көрсетсе керек. Кеңею үдерісі «еуропалық діни заңдар» жүйесінің жасалуы мен қабылдануын қиындатары сөзсіз. Ал соңғы жылдары Еуропалық Одаққа ислам мемлекеті болып саналатын Түркияның кіруге өтініш білдіруі, бұл өтініші қанағаттандырылған жағдайда, одақта діни ұстанымдарға қатысты шиеленіскен түсініктердің күрделене түсуіне әсер етері шындық. Еуропалық Одақтың жалпығы ортақ дінге қатысты заңдарды қабылдау үдерісіне мүше мемлекеттердің әртүрлі тарихы мен дәстүрлері де өз әсерін тигізбей қоймайды. Христиан дінін тарихи дәстүрлі негізде өздерінің қайнары санайтын мемлекеттер экуменизм аясында болса да, бірігіп, бірыңғай ортақ заңдардың құрылуын жеңілдетсе алады деп білеміз.

Ислам дінінің қазіргі кезеңдегі ролін және алдағы уақыттағы маңыздылығының артуын ескере отырып, Еуропалық Одақ елдері бұл дінді назардан тыс қалдырмауы керек (Khare, 1999: 95). Демографиялық көрсеткіштер бойынша, еуропалық қоғамдарға интеграциялануға ниет білдірген қоныс аударушылардың санына сәйкес ислам діні мен мұсылмандардың еуропалық мемлекеттердегі жағдайы ерекше қарым-қатынасты талап етеді.

Діни символдарды мемлекеттік мектептерде тағуға тыйым салу жайлы заңдар, әйел кісілердің ер дәрігерлерге қаралуынан бас тартуы секілді, қарапайым болғанымен, қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатын жағдайлар негізінде туындап жатқан

қақтығыстар діннің халық үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Кез келген оқиғада дін ауаға сіңіп, жоқ болып кете алмайды (Bloss, 2003: 76). Міне сондықтан, дін мәселесі еуропалық қоғамдарда Адам құқықтары жөніндегі конвенция негізінде болсын, жекеленген мемлекеттер конституцияларымен болсын, еуропалық мемлекеттердегі іс жүзінде көрініс беріп жатқан дінаралық, конфессияаралық қарым-қатынастарды ескере отырып құрылуы және қабылдануы тиіс жаңа құжат негізінде болсын реттеліп, қоғам мүшелерінің баршасына ортақ, тиімді, қанағаттанарлық, еуропалық мемлекеттердің демократиялық ұстанымдарының көрсеткіші болатындай шешімдермен басқарылуы керек.

Әдебиеттер

Akimkhanov A.B., Frolov A.A., Adilbaeva Sh.A., Yerzhan K. Principles of Abu Mansur Al-Maturidi, Central Asian Islamic Theologian, Preoccupied with the Question of the Relation between the Iman \ Credo and the Action in Islam. European Journal of Science and Theology, December 2016, Vol.12, No.6, 165-176.

Anarbayev N.S., Yerzhan K.S., Adilbayev A.Sh., Beysenov B.K., Assanova S.S. Thinkers of the Central Asia and Their Contribution in Development of the Islamic Civilization. Man In India, 2016, 96 (7): 2063-2073.

Bloss L. (2003) European Law of Religion – organizational and institutional analysis of national systems and their implications for the future European Integration Process. New York: NYU School of Law, 89 p.

Joseph Weiler H.H.(1999) Fundamental Rights and Fundamental Boundaries: On the Conflict of Standards and Values in the Protection of Human Rights in the European Legal Space, in: idem, The Constitution of Europe. UK: Cambridge University Press, 628 p.

Khare R.S. eds.(1999) Perspectives on Islamic Law, Justice, and Society. New York: Rowman & Littlefield Publishers, 587 p.

McCrudden C. (2001) The Future of the EU Charter of Fundamental Rights. URL: <http://www.jeanmonnetprogram.org/papers/01/013001.html>.

Peter Edge and Graham Harvey, eds. (2000) Law and Religion in Contemporary Society: Communities, Individualism and the State. Burlington: Ashgate Publishing, 362 p.

Steven V., Monsma J.Christopher Soper. (1997) The Challenge of Pluralism: Church and State in Five Democracies. Lanham, Maryland: Rowman & Littlefield, 228 p.

van Bijsterveld, C. Sophie. (2000) Church and State in Western Europe and the United States: Principles and Perspectives, in: Brigham Young University Law Review, 1121 p.

Кашкин С.Ю.(2001) Хартия Европейского Союза об основных правах. Москва: Юриспруденция, 208 с.

Маклаков В.В. (2010) Конституции зарубежных государств. Москва: Волтерс Клувер, 624 с.

Мирошникова Е.М. (2005) Свобода совести в контексте отделения церкви от государства: вопросы реализации в современной Европе. Свобода совести в России: исторический и современный аспекты. Москва: 624 с.

Окуньков Л.А. (2001) Конституции государств Европы. Москва: Норма, Т.1. 824 с.

Робберс Г. (2009) Государства и религии в Европейском союзе. Москва: Первая образцовая типография, 722 с.

Торкунов А.В. (2012) Политические системы современных государств. Москва: Аспект Пресс, 616 с.

References

Akimkhanov A.B., Frolov A.A., Adilbaeva Sh.A., Yerzhan K. Principles of Abu Mansur Al-Maturidi, Central Asian Islamic Theologian, Preoccupied with the Question of the Relation between the Iman \ Credo and the Action in Islam. European Journal of Science and Theology, December 2016, Vol.12, No.6, 165-176.

Anarbayev N.S., Yerzhan K.S., Adilbayev A.Sh., Beysenov B.K., Assanova S.S. Thinkers of the Central Asia and Their Contribution in Development of the Islamic Civilization. Man In India, 2016, 96 (7): 2063-2073.

Bloss L. (2003) European Law of Religion – organizational and institutional analysis of national systems and their implications for the future European Integration Process. New York: NYU School of Law, 89 p.

Joseph Weiler H.H.(1999) Fundamental Rights and Fundamental Boundaries: On the Conflict of Standards and Values in the Protection of Human Rights in the European Legal Space, in: idem, The Constitution of Europe. UK: Cambridge University Press, 628 p.

- Khare R.S. eds.(1999) *Perspectives on Islamic Law, Justice, and Society*. New York: Rowman & Littlefield Publishers, 587 p.
- McCrudden C. (2001) *The Future of the EU Charter of Fundamental Rights*. URL: <http://www.jeanmonnetprogram.org/papers/01/013001.html>.
- Peter Edge and Graham Harvey, eds. (2000) *Law and Religion in Contemporary Society: Communities, Individualism and the State*. Burlington: Ashgate Publishing, 362 p.
- Steven V., Monsma J.Christopher Soper. (1997) *The Challenge of Pluralism: Church and State in Five Democracies*. Lanham, Maryland: Rowman & Littlefield, 228 p.
- van Bijsterveld, C. Sophie. (2000) *Church and State in Western Europe and the United States: Principles and Perspectives*, in: *Brigham Young University Law Review*, 1121 p.
- Kashkin S.Yu. (2001) *Hartiya Evropeiskogo Soyuzha ob osnovnih pravah*. [European Union Charter of Fundamental Rights]. Moscow: Jurisprudence, 208 s.
- Maklakov V.V. (2010) *Konstitucii zarubezhnykh gosudarstv*. [Constitutions of foreign states]. Moscow: Volters Kluver, 624 s.
- Miroshnikova E.M. (2005) *Svoboda sovesti v kontekste otdeleniya cerkvi ot gosudarstva: voprosy realizacii v sovremennoi Evrope*. *Svoboda sovesti v Rossii: istoricheskiy analiz i sovremennye aspekty*. [Freedom of conscience in the context of the separation of church and state: issues of implementation in modern Europe. Freedom of conscience in Russia: historical and modern aspects]. Moscow, 624 s.
- Okun'kov L.A. (2001) *Konstitucii gosudarstv Evropy*. [Constitution of Europe]. Moscow: Norma, T.1. 824 s.
- Robbers G. (2009) *Gosudarstva i religii v Evropeiskom soyuze*. [States and religions in the European Union]. Moscow: The first model printing house, 722 s.
- Torkunov A.V. (2012) *Politicheskie sistemy sovremennykh gosudarstv*. [Political systems of modern states]. Moscow: Aspekt Press, 616 s.